

**«Алқабилердің қатысуымен қылмыстық істерді қарау: құқық қолдану практикасы мәселелері» тақырыбындағы Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитетінің көшпелі отырысының қорытындысы бойынша
ҰСЫНЫМДАР**

Астана қаласы

2025 жылғы 18 қараша

Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитеті «Алқабилердің қатысуымен қылмыстық істерді қарау: құқық қолдану практикасы мәселелері» тақырыбындағы көшпелі отырыстың қорытындысы бойынша мыналарды атап көрсетеді.

Көшпелі отырысқа қатысушылар алқабилер институтының жай-күйі мен оны одан әрі жетілдіру жолдарын талқылап, алқабилер соты азаматтардың сот төрелігін жүзеге асыруға қатысуының маңызды нысандарының бірі екенін атап өтті. Алқабилер соты арқылы халық биліктің бір тармағы – сот қызметіне қатыса алады, бұл мемлекеттің демократиялық негіздерін айғақтайды.

Елімізде алқабилер институты 2007 жылдан бері жұмыс істеп келеді. Мемлекет басшысының тапсырмасымен алқабилер институтын жетілдіру бойынша кешенді шаралар қабылданды. Қарауға жататын істердің санаты едәуір кеңейтілді – қазіргі таңда алқабилер сотының құзыретіне 44 қылмыс құрамы енгізілді. Мұндай істердің ауқымын біртіндеп кеңейту заңдылық болып табылады. Осы процесте көптеген мәселелер туындайды. Осындай істерге алқабилердің қатысуын арттыру үшін осы мәселелерді шешу қажет, өйткені алқабилер институтын одан әрі дамыту соттардың қызметін және қылмыстық істер бойынша сот төрелігін жүзеге асыру сапасын арттыру, ашықтық пен халықтың сот жүйесіне сенімін арттыру тұрғысынан айрықша маңызға ие.

Алқабилер институтын одан әрі жетілдіруге бағытталған шараларды іске асыру мақсатында Комитет депутаттары:

1. Қазақстан Республикасының Сот Әкімшілігіне:

1.1. алқабилердің қатысуымен өтетін соттардың материалдық-техникалық жабдықталуы бөлігінде талдау жүргізуді;

1.2. кандидаттарды алқаби ретінде қатысуға ынталандыру мақсатында істі қарайтын судьяның лауазымдық жалақысының жартысы мөлшерінде алқабиге төленетін төлемді қайта қарау мәселесін пысықтауды;

1.3. қателіктерді болдырмау және соттарды алқабилерге кандидаттардың жеткілікті санымен сапалы қамтамасыз ету мақсатында «Отбасының цифрлық картасымен» интеграциялау жолымен оларды іріктеу рәсімін одан әрі жетілдіру туралы мәселені зерделеуді;

1.4. алқабилердің қатысуымен қылмыстық сот ісін жүргізудің қолданыстағы моделін реформалау және алқабилер сотының классикалық моделіне көшу туралы мәселені зерделеуді;

1.5. халықтың алқабилер соты институтына және сот жүйесіне деген сенімін арттыру мақсатында алқабилер сотының қызметі, олардың рөлі мен

әділ сот шешімдерін қамтамасыз етудегі маңызы туралы жұртшылық арасында кең көлемді ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізуді ұсынады.

2. Қазақстан Республикасының Сот Әкімшілігіне Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігімен бірлесіп істің карточкасында қалыптастырылған және оған «түскен» тізімге сәйкес алқаби болуға кандидаттарды автоматты түрде хабардар ету жүйесін әзірлеу мүмкіндігін қарастыруды (ұялы байланыс операторлары мен 112 қызметінің жұмыс қағидаты бойынша) ұсынады.

3. Қазақстан Республикасы Сот Әкімшілігіне Ішкі істер министрлігінің Қылмыстық-атқару жүйесі комитетімен бірлесіп сотталғандардың жеке істерін цифрландыру мәселесін пысықтауды ұсынады.

4. Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетіне ҚСАЕК «Төрелік» ААТЖ жобасымен интеграциялау мәселелерін пысықтауды ұсынады.

Орындалуы туралы ақпарат **2026 жылғы 4 мамырға** дейін ұсынылсын.

Комитет төрағасы

Н. БЕКНАЗАРОВ